

**Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын, есту және көру қабілеті бұзылған мүгедек балаларды сурдо және тифлоқұралдармен қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мақсатты трансферттер бөлудің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 363 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңының 26-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын, есту және көру қабілеті бұзылған мүгедек балаларды сурдо және тифлоқұралдармен қамтамасыз ету үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мақсатты трансферттер бөлу ережесі;

2) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын, есту және көру қабілеті бұзылған мүгедек балаларды сурдо және тифлоқұралдармен қамтамасыз ету үшін 2004 жылға арналған республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер көзделетін өңірлердің тізбесі бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бюджет қаражаттарын мақсатты пайдалануды қамтамасыз етсін және есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне бөлінген мақсатты трансферттердің пайдаланылуы туралы тиісті есепті ұсынсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4                      ж ы л ғ ы                      2 0                      н а у р ы з д а ғ ы

N                      3 6 3                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілді

**Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын, есту және көру қабілеті бұзылған мүгедек балаларды сурдо және тифлоқұралдармен қамтамасыз**

**ету үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне  
мақсатты трансферттер бөлу  
ережесі**

1. Осы Ереже "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңының 26-бабына сәйкес әзірленді және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын, есту және көру қабілеті бұзылған мүгедек балаларды сурдо және тифлоқұралдармен қамтамасыз ету үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мақсатты трансферттер бөлудің тәртібін реттейді.

2. Жергілікті білім беруді басқару органдары жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне сурдо және тифлоқұралдарға өтінімдер береді.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тиісті қаржы жылына бөлінетін қаражат шегінде жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын, мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын, есту және көру қабілеті бұзылған мүгедек балаларды сурдо және тифлоқұралдармен қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер көзделетін өңірлер тізбесінің (бұдан әрі - Тізбе) ж о б а с ы н қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

4. Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын есту және көру қабілеті бұзылған мүгедек балаларды сурдо және тифлоқұралдармен қамтамасыз ету үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мақсатты трансферттер бөлу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Тізбеге сәйкес іске асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 0 н а у р ы з д а ғ ы

№ 3 6 3 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын,  
мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқитын, есту және  
көру қабілеті бұзылған мүгедек балаларды сурдо және тифлоқұралдармен қамтамасыз  
ету үшін 2004 жылға арналған республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер  
көзделетін өңірлердің тізбесі**

Р / с	Атауы	Сомасы, мың теңге
1	2	3

Барлығы		1 1 2	1 6 5
1. Ақмола облысы		6	4 0 0
2. Ақтөбе облысы		3	2 0 0
3. Алматы облысы		3	2 0 0
4. Атырау облысы		1	6 0 0
5. Шығыс Қазақстан облысы		16	8 9 6
6. Жамбыл облысы		7	2 9 6
7. Батыс Қазақстан облысы		8	1 4 6
8. Қарағанды облысы		7	2 9 6
9. Қостанай облысы		7	2 9 7
10. Қызылорда облысы		7	2 9 6
11. Маңғыстау облысы		7	2 9 6
12. Павлодар облысы		3	2 0 0
13. Солтүстік Қазақстан облысы		3	2 0 0
14. Оңтүстік Қазақстан облысы		12	0 9 6
15. Алматы қаласы		13	6 9 6
16. Астана қаласы	4 0 5 0		